Кузьмичева А.Е., профессор, физика-математика ғылымдарының кандидаты: Евгений Джунусович Джунусов – преподаватель кафедры физики. Он оставил глубокий след в душе всех, кто учился в годы его работы. Евгений Джунусович был специалистом высочайшей квалификации, педагог от Бога, с колоссальным желанием передать свои знания, а они у него были разносторонние и глубокие. Евгений Джунусович долгие годы был лицом кафедры. Я окончила институт в 1962 году и была оставлена на кафедре. Заведующим кафедрой в то время был Евгений Джунусович Джунусов. Наш выпуск был очень «сильный». Выбор пал на меня в связи с моим особым отношением к теоретической фундаментальной физике. Роль этого момента будет понятна из дальнейшего материала.

Уральский педагогический институт им. А.С. Пушкина, 1957г, август. Абитуриенты в волнении перед дверью в аудиторию, где будет проходить вступительный экзамен по физике. Среди нас молодой человек о чем-то интересно рассказывает. Через полчаса оказалось, что это один из экзаменаторов, с которым мы также интересно пройдем весь пятилетний период обучения. Это и был Евгений Джунусович Джунусов. Кафедра физики была очень большой. Евгений Джунусович на ней был одним из самых оригинальных преподавателей. Таким же был, например Станислав Юлианович Якушевский. В чем их особенность? Конец 50-х, в СССР был период подъема физической науки и, соответственно, научно-технического прогресса. Это требовало коренной реформы образования в области физики, принципиально нового уровня подготовки учителей физики. В основу образования были положены основы фундаментальной физики, фундаментальных физических теорий. В содержании подготовки учителя физики усилены вопросы теоретической физики: электродинамика Максвелла, квантовая механика, теория относительности. К проведению занятий по этим дисциплинам, были подготовлены молодые выпускники университетов.

Евгений Джунусович Джунусов выпускник Казахского Государственного Университета им. С.М. Кирова (Казахский Национальный Университет им. Аль-Фараби), одного из лучших университетов СССР в области физики. Он прекрасно знал классическую и современную физику и, что особенно важно, стремился быть в курсе всех современных достижений науки и включать их в содержание обучения. Вся жизнь Евгения Джунусовича была в институте. Он иногда и ночевал на кафедре с пирожком и лимонадом из буфета (электрического чайника тогда на кафедре не было). Все свободное время он проводил за чтением научных журналов, книг, которыми всегда богата наша библиотека.

Евгений Джунусович был известен

Аты аңызға айналған ЕСЕНҒАЛИ ЖҮНІСҰЛЫ



не только физмату. Обширные знания по вопросам естествознания, политики, международных отношений привлекали студентов всех факультетов, особенно в период педагогической практики, когда надо было проводить внеклассные мероприятия по различным темам.

Запуск в 1957 году первого спутника Земли с космодрома Байконур, а в 1961 году – первого человека привели к тому, что преподаватель нашей кафедры Евгений Джунусович Джунусов стал востребованным в городе и области.

Современной молодежи трудно понять, каким был интерес всех людей к Космосу. В то время в СССР было Всесоюзное общество «Знание», членом которого был Евгений Джунусович Джунусов. Целью общества было распространение научных знаний среди населения. На заводах города, колхозные бригады «стояли в очереди». В один день Евгений Джунусович мог выступить с лекциями о Космосе в нескольких заводских цехах или сельских бригадах. Слушателей «не собирали», они ждали Евгения Джунусовича. А сколько у них было вопросов! И Евгений Джунусович рассказывал о спутниках, космических ракетах, о Марсе и Луне, возможных полетах к звездам. Евгений Джунусович умел говорить понятно о сложном. Его часами не отпускали и просили прийти или приехать снова. После лекции люди шли в библиотеки, которые были при заводах и колхозах, совхозах, спрашивали книги, газеты и читали, читали, читали. Это была самая читающая страна в мире. И также увлеченные люди как Евгений Джунусович способствовали тому, что меньше читали детективы, а больше -научно-популярную

литературу. Можно сказать, что Евгений Джунусович жил в то время и в том месте, когда он был нужен всем людям, независимо от профессии.

Он достойно жил, оставил добрую достойную память. И еще, очень не любил студентов – лентяев, доставалось им от него. Более 10 раз ходили на пересдачу задолженностей. Но все равно, думаю, что у всех он остался в памяти как лучший преподаватель.

Евгений Джунусович прекрасно знал все разделы классической и современной физики, блестяще владел математическим аппаратом. После его занятий все были под впечатлением квантовой механики и теории относительности, хранили конспекты его лекций и использовали их в своей работе.

И еще отличительной чертой Евгения Джунусовича было сочетание высокой самооценки с уважением ко всем членам кафедры. Он понимал свой особенный интеллект, но всем окружающим было комфортно около него. Евгений Джунусовича как-то не навязчиво любили все без слов. Он до последнего дня, до последних часов был на работе. Его уход из жизни был большой потерей для кафедры. Но все разумное добро, что посеял Евгений Джунусович, остается в сердцах всех, кто учился у него, кто работал с ним.

Сырым Ж.С., профессор, педагогика ғылымдарының кандидаты: Есенғали Жүнісұлы тірі болса 2019 жылдың 15 қаңтарында тоқсанға толар еді.

Есеқан университетті үздік бітірді. Жалпы физика және теориялық физиканың салаларын толық меңгерді. Есенғали Жүнісұлы университетті ойдағыдай бітіріп,

Орал пединститутына жұмысқа орналасты. Оның 1951 жылы бастаған ұстаздық қызметі өмірінің соңына дейін жалғасты.

Есенғали Жүнісұлы физиканың әртүрлі салаларынан студенттерге орыс тілінде дәріс оқып, практикалық сабақтарды жүргізді. Сабақ барысында өзінің терең білім иегерендігін байқатты. Ол сабаққа мұқият әзірленетін. Оның тағы бір ерекшелігі, студенттерінің күндіз оқыған дәрістерін кешке сұрайтын еді. Студенттер бүгін оқыған дәрісті кеште түнгі сағат он –он бірге дейін тапсыруларын қажет ететін еді. Ұстаздың тағы бір ерекшелігі студенттердің сабаққа кімнің келіп, кімнің келмегендігін жадында сақтауы еді. Бір қарағанда оның студенттердің сабақта бар жоғын бірден білетіндігі. Студенттердің түсінбейтін сұрақтарын қойған кезде оған толық жауап беретіндігі ерекше болатын. Есенғали Жүнісұлы ғылыми жұмыспен де терең айналысты. Оның кандидаттың диссертациясының тақырыбы: «Проблема проматерий в философии» еді. Диссертациясын ойдағыдай орындап, сыртқы және ішкі ғылыми ұжымдардан өте жақсы деген сын пікірлер алды. Ендігі қалған мәселе диссертацияны қорғау еді. Ол үшін Есенғали Жүнісұлының жұмыс жасап жүрген жерінен партиялық мінездеме қажет болатын. Оны беруге институт басшылары мүлдем қарсы болды. Соның салдарынан диссертация қорғалмай қалды. Бұл ұстаздың қалған өмірінде кешірілмес із қалдырды. Ол 1994 жылдың 8 - наурыз күні дүниеден озды. Бірақ та әлі күнге дейін оны Орал қаласының жұртшылығы еске алып жүреді. Отырыстарда киоскінің жанында газет оқып тұратын мұғалім барма деп сұрастырады. Киоскіден күнбе – күн шығатын газет – журналдарды сатып алатын. Солардың ішінде неміс, поляк және басқа тілдерде газеттерді мұқият оқитын еді. Ұстаз Есенғали Жүнісұлы мәңгі есімізде қалады. Жатқан жері жарық, топырағы торқа болып, иманы жолдас болсын дейміз.

Кадырова Г.М., физика кафедрасының аға оқытушысы: Есенғали Жүнісұлы еске түскенде тебірене толғанбай қала алмайсың. 1988 жылы С.М.Киров атындағы (Әл-Фараби атындағы ҚазҰМУ) ҚазМУ-ды физика мамандығы бойынша бітіріп, жолдамамен Есенғали Жүнісұлы жұмыс істейтін кафедраға орналастым. Сол кезеңнен өмірінің соңына дейін Есенғали Жүнісұлынан үйренгені көп адам ретінде айтар алғысым шексіз. Есенғали Жүнісұлының келбет-қияпатын, өмір жолдарының кейбір тұстарын ғылымның қара өгізі атанған Исаак Ньютонға көбірек ұқсатамын. Түпсіз терең білімінің, сегіз қырлы ғалымдығының, өмір бойы білім жинағанының дәлелі - бірнеше тілді білуі: ағылшын, неміс, поляк, француз, қазақ және орыс тілі. Көзі тірісінде аты әйгілі болған ғалым Есенғали Жүнісұлын еске алу болашақта жалғасын тапқай...

«ДЕНІ САУ ҰРПАҚ – ДЕНІ САУ ҰЛТ» эстафеталық ойыны

Қараша айының 24-і жұлдызы күні М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің спорт сарайында жастардың денсаулығын сақтау және салауатты өмір салтын насихаттауға бағытталған ЖОО және АОО студенттеріне арналған «Дені сау ұрпақ – дені сау ұлт» атты эстафеталық жарыс өтті.

Жарысты ұйымдастыру «Жас экономист» жастар қоғамдық бірлестігіне және «Ақжайық» спорт клубына жүктелген болатын. Сайысқа Румынияның Бухарест қаласында өткен Самбодан Әлем чемпионы Серіков Нұрбол Нәсіпкерейұлы және БҚО әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының ЖИТС-тің алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі облыстық орталығының директорының орынбасары Мантакова Алмагуль Акжумановна арнайы шақырылды.

Эстафетаға қаламыздағы 4 ЖОО-ның студенттерінен құралған топ қатысты.

Жалпы эстафетаның негізгі мақсаты:

-Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған Жолдауын жүзеге асыру;

-Салауатты өмір салтын ұстанатын тұлғаларды қалыптастыру;

- Жастарды ортақ бір іске жұмылдыру;

- Жастардың бос уақытын тиімді пайдаланып, белсенділігін арттырып белсенді жас қоғамды қалыптастыру;

- Салауатты өмір сүру салтын насихаттау болып табылады. Жалпы ойын барысына тоқталатын болсақ, сайыс 8 турдан өткен болатын.

- 1.Кім жылдам?
2. Суретші.
- 3.Кім епті?
- 4.Кім мерген?
5. Допты мәреге жеткізу.
- 6.Епті болсаң сен егер...
7. Кім ұтқыр?
8. Ойлан, тап.

Осы сайыстардан сүрінбей өткен «БҚАТУ» командасы жүлделі 1-орынға ие болды. «БҚМУ»-лықтар 2-орынды иемденсе, «КазИИТУ» құрамасы 3-орынды қанжығаларына байлады. Жеңімпаз болған командалар сыйлықтармен, дипломдармен марапатталды.



Сұлшаш ЖҰМАБАЕВА,
шет тілі екі шет тілі мамандығының
2-курс студенті

ЖӘРДЕМОВТЫҢ ЖҮЛДЕСІ ҮШІН ҚАЗАҚ КҮРЕСІНЕН ОБЛЫСТЫҚ ТУРНИР

Қарашаның алғашқы күндерінде жасөспірімдер арасында қазақша күрестен ҚР Құрметті спорт қайраткері, ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы, Бөкей ордасы ауданының «Құрметті азаматы» Жұбанышқали Жәрдемовтың жүлдесі үшін қазақ күресінен облыстық турнир өтті.

1952 жылы Орда өңірінде дүниеге келген Жұбанышқали Жәрдемов 40 жылға жуық ғұмырын спортқа арнады. А.Пушкин атындағы педагогикалық институттың дене тәрбиесі факультетін 1977 жылы бітірген ол алғашқы еңбек жолын самбо бойынша жаттықтырушы қызметінен бастады. Он жылға жуық уақыт талай жасөспірімді самбоньың қыр-сырына баулыған Жұбанышқали Садырұлы 1986 жылы өзі білім алған жоғары оқу орнына ұстаздық қызметке шақырылды. Алғашында аталмыш институттың дене тәрбиесі пәнінің оқытушысы, кейін дене тәрбиесі кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарды. 2002 жылдан бастап, күні бүгінге дейін М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті жанындағы «Ақжайық» спорт клубын басқарып келеді. Жұбанышқали Жәрдемовтың 6 шәкірті халықаралық дәрежедегі спорт шебері, 25-тен астамы КСРО және ҚР спорт шебері атанып, 3-еуі ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы атағын алды. Спорт саласына сіңірген еңбегі үшін Жұбанышқали Садырұлына 2005 жылы М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің доценті атағы берілді. Және сол жылы ол Қазақстан Республикасының құрметті спорт қайраткері атанды. Сондай-ақ Жұбанышқали ағамыз Асқар Шайхиев, Қоныс Жетпісов сынды саңлақ самбошылардың әлемдік шыңдарды бағындыруына да үлес қосты.

Спортшының туған күніне орай осымен 12-рет ұйымдастырылып отырған Турнирге Орал қаласы, Ақжайық, Жәнібек, Қазталов, Сырым аудандарының спортшылары қатысты. Мықтылар арасынан қарсыластарын қапы қалдырып, жауырыны жер иіскемеген оралдық Ислам Насиполла (35кг), Ахмет

Шүйіншалиев (46кг), Бекжан Ғалымжан (50кг), Мерлан Қуантаев (55кг), қазталовтық Алмас Татимов (38кг), Айымбек Насибуллин (66кг) мен Шалқар Құзайров (66+), сырымдық Арсен Мақсотов (42кг), бөкейордалық Әлем Хабиев (60кг) I орынды жеңіп алды. Турнирдің барлық жүлдегерлеріне диплом мен медальдар табыс етілді.

Облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасы мен аудан әкімдігінің ұйымдастыруымен өткен аталмыш турнирге қазақ күресінен облыстық жастар мен кадеттердің аға жаттықтырушысы, Азия чемпионы Арман Келмұханов қатысса, белдесуге облыстық қазақ күресі федерациясының вице-президенті, жаттықтырушы Артур Шерғалиев пен осы турнирдің бас хатшысы, қазақ күресінен спорт шебері Ержан Шүкіров тәрелік етті.

Жұбанышқали Жәрдемов ел сыйлаған азамат ғана емес, қадірлі әке, сүйікті жар, аяулы ата. Немересінің атасына арнаған өлеңін оқып, жүрегім елжіреді, көңілім босады. Қайратұлы Батыр №34 мектеп гимназиясы 5 сынып оқушысы.

АТАМА (66 жас)

Мықтылыққа өзін баптаған,
Жеңіліп ешбір жатпаған.
Ақтангері күрестің
Менің атам – ақтабан.
Атам менің – чемпион,
Атамды айтып мақтанам.
Жүре берсін қасында,
Қартаймай бірге Ақ мамам.

Айзада ДЮСЕНОВА

М.Өтемісов атындағы БҚМУ ғылыми кітапханасында «Биология және экология» кафедрасының аға оқытушы, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты Мулдаханов Нұржан Рахметұлының 60 жас мерейтойына арналған кездесу өтті.

«Ұстаз болу - жүректің батырлығы...»

Өз ісіне берілген, жаңалықты жатсынбай қабылдайтын, шәкіртінің жанына нұр құйып, өмірге өзі де бақытты болып, өзгелерді де бақытқа жеткізсем деп жүретін ұстаздың жөні де, жолы да бөлек.

Өмірдің әр қырынан іздер арай,
Бақыт құсы самғасын сізге қарай.
Өмірдің асуынан еркін асып,
Сәтті қадам басыңыз жүзге қарай!
Қамал алған құтты болсын жасыңыз
Өрге қарай, талмай қадам басыңыз.
Туған күнде, нұрға толсын жүзіңіз,
Қуаныңыз, шаттаныңыз, күліңіз,-
деп Нұржан Рахметұлын 60 жас мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз!



М.Өтемісов атындағы БҚМУ ғылыми кітапхана ұжымы.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы жарияланды. Бұл мақалада ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейінгі кезеңді қамтитын Ұлы даланың жеті қырын атап көрсетті. Көтерілген мәселелер жан-жақты ой елегінен өткізіп, терең зерделеуді талап етеді. Сондай-ақ біздің дүниетанымымыздың, халқымыздың өткені мен бүгінінің және болашағының іргелі негіздеріне іргелей қатысты.

«АРДАГЕР ҰСТАЗДАРДЫ ҰМЫТПАЙЫҚ, ӨМІРЛІК ӨНЕГЕСІН ҰЛЫҚТАЙЫҚ!»



Елбасымыздың мақаласы аясында Физика-математика факультетінде математика кафедрасының ұйымдастыруымен математика мамандығының 1-4 курс студенттерімен «Ардагер ұстаздарды ұмытпайық, өмірлік өнегесін ұлықтайық!» (тарихи сананы жаңғырту) атты математика

кафедрасының ардагер ұстаздарымен кездесу өтті. Бұл кездесудің басты мақсаты – студенттерге тарихи сананы жаңғырту мақсатында математика кафедрасының өткені мен бүгінінің және болашағының іргелі негізін қалаушы ардагер ұстаздарымыздың мол тәжірибесі мен еңбегін

«Мой драгоценный город»

Уроженка нашего края, Саида Калыкова, солист Государственной академической филармонии г.Астаны, обладатель премии «Жан шуак» за вклад в развитие культуры Республики Казахстан, 23 октября дала сольный концерт «Мой драгоценный город» в уральском драматическом театре им.А.Островского.



Ведущие начали мероприятие с освещения биографии музыканта. Так, например, пришедшие узнали, что С.Калыкова, закончив музыкальную школу №3, поступила в музыкальный колледж им.Курмангазы, а затем - в Казахский национальный университет искусств в г.Астане. Закончила магистратуру во Флоренции, где, кстати, ей предлагали остаться, но Саида ответила решительным отказом. Помимо совершенного музыкального слуха, Калыкова владеет несколькими языками: русским, казахским, французским, английским и итальянским.

На самом концерте прозвучали такие композиции как «Соната №10» в трёх частях Л.Бетховена, «Лунный свет» французского основателя музыкального экспрессионизма К.Дюбесси, транскрипция Листа «Соловей», произведения Шопена «Колыбельная» и «Фантазия-Экспромт». С.Калыкова является не только музыкантом, но и композитором. На сегодняшний день у неё около 20 произведений собственного сочинения, некоторые из них прозвучали в ходе концертной программы. Саида исполнила партию для флейты и фортепиано «Туган жерим», «Nocturne» - посвящение Италии, а также «Утро на озере», посвященное родному Уралску. Центральным номером программы стала партия на флейте и фортепиано «Мираж», посвященная нашей столице. Уральцы стали первыми слушателями этой композиции.

Посетить концерт мог любой желающий, вход был свободным. Данное мероприятие имело огромный успех: удалось собрать полный зал, некоторым даже пришлось разместиться на лестнице. Пришедшие являлись представителями разных возрастных групп, что говорит о любви к классической музыке среди всех поколений.

Жанна АВТАЕВА,

студент 1 курса филологического факультета

дәріптеп көрсету. Ұстаздан білім мен тәрбие алған әрбір адам, өзінің өмірдегі, еңбек жолындағы жетістіктері үшін де оның алдында бас иетіні де аян.

Шақырылған қонақтардың ішінде – Құспанов Өтебай Құспанұлы, Хұсаинов Мерғали Серғазыұлы, Ермолаева Юлия Кирилловна, Камкиева Жаннат Сырымқызы, Жұмағалиева Айсулу Елтайқызы, Қадырбаев Мухамбет Мендіғалиұлы, Савельева Альфия Рафаэловна болды. Сонымен қатар университет түлегі, қазіргі таңда Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің физика-математика ғылымдарының кандидаты, доцент Ильясов Исатай Ильясұлы мен Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің физика-математика ғылымдарының кандидаты, доцент Қайдасов Жеткербай Қойлыбайұлы кеш қонағы болды.

Кездесу барысында студенттер кафедра тарихымен, еңбек еткен тұлғалармен, олардың өмір жолдарымен танысып, көптеген мағлұмат алып қана қойған жоқ, сонымен қатар ардагерлерімізге өз өнерлерін көрсетті. Кешке қатысқан әрбір ардагер ұстаздар студенттерге өзінің университет қабырғасында өткен еңбек жолымен, кафедра тарихымен таныстырып өтті. Тұғыры биік, тарихтың қайнар мекеніне айналған білім ордамыздың бір бөлімі ретінде өз жұмысын 1932 жылдан бастау алған физика-математика факультетінің тарихының бір бөлшегі болған осы - Ардагерлеріміз.

Кездесу соңында ардагер ұстаздар да ақжарма тілектерін айтып, қуаныштарын жасыра алмады. Осындай тәлім берер тағылымды шаралар алдағы уақытта да өз жалғасын табарына сеніміміз мол. Аға ұрпақтың білім саласы тарихындағы, өмір мен еңбек майданындағы орны, қайрат-жігері, білігі мен қайсарлығы, мұғалімге тән жүрек жылуы, мойымас қайраттылығы мен маздаған жалыны бізді әлі талай арман-асуларына, білім-білік белестеріне бастай беретіні кәміл!

Ботагөз МУХАМБЕТОВА,
Математика кафедрасының меңгерушісі

М. Өтемісов атындағы БҚМУ-да 2018 жылғы 2 қараша күні мәдениет және өнер факультетінің (көркемсурет-графика) құрылғанына 40 жыл толуына орай «Көркем шығармашылық: заманауи мәдениеттің озық үлгілері, теориясы, әдіснамасы және тәжірибе синтезі» атты республикалық ғылыми – практикалық конференция өтті.

ҚҰРЫЛҒАНЫНА 40 ЖЫЛ ТОЛҒАН ҚАРА ШАҢЫРАҚ

Осы көркемсурет-графика кафедрасынан 40 жыл ішінде талай танымал өнер шеберлері түлеп ұшты. Факультеттің қалыптасуына, студенттер тәрбиесіне Төлебай Әбілов, Ғалит Қабдоллаев сынды алғашқы оқытушылардың сіңірген еңбегі зор. Факультеттің тұңғыш түлегі, кейін осы қара шаңырақта ұстаздық еткен Сейтімөвті жиналған жұртшылық еске алды. Факультеттің тарихына үңіліп, бүгінгіне көз жүгіртіп баяндама жасаған Қазақстан Суретшілер және Еуразиялық дизайнерлер одағының мүшесі, БҚМУ оқытушысы Қуандық Мәдір университет қабырғасынан түлеп ұшқан түлектерді атап өтті. Сондай-ақ Курукшетра (Үндістан) университеті бейнелеу өнері

басқармасының төрағасы, философия өнерінің PhD докторы, профессор Рам Виранжан «XXI ғасырдың танымал үрдістері» тақырыбында баяндама жасады. Сонымен қатар, конференция аясында суретшілердің республикалық көрмесі ұйымдастырылды. Мерейтой шеңберіндегі республикалық көрмеге көркемсурет-графика факультетін әр жылдары бітірген түлектері мен белгілі қылқалам шеберлерінің үздік туындылары қойылады. Көрмеге Орал, Ақтөбе, Ақтау, Атырау, Павлодар, Курукшетра (Үндістан) қалаларынан келген танымал суретшілер қатысты. Орал қалалық көрме залында Рам Виранжан шеберлік сағатын өткізді.



Мейірімізге ғана мұқтажбын...

Қазақ халқы – жылағанды жұбатып, қиналғанға демеу болып, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсеткен халық. Ата-бабамыз жесірін қаңғыртпаған, жетімін жылатпаған. Алайда қазіргі заман ағымының өзгеруі ме, әлде адамдардың адами қасиеттерден ада болып жүргендігі ме, әйтеуір мүмкіндігі шектеулі жандар қоғамнан тысқары қалып жатады.

Шуақсыз қурайды емес пе жасыл егіндер?
Мейірім аңсап, жүрегім қаңсырап тұрған
Мейірімге ғана мұқтажбын білесіңдер ме?
Мейірімге ғана мұқтажбын... - деген өлең жолдары кіршіксіз пәк балапандардың мұқтаждығын дәл бейнелегендей.

2018 жылдың 21 қыркүйегінде «Бәйтерек» қоғамдық бірлестігі мен М.Өтемісов ат.БҚМУ-нің «Есеп және қаржы» кафедрасының белсенді студенттерінің ұйымдастыруымен мүмкіндігі шектеулі балаларға мерекелік шара ұйымдастырылды. Мерекелік кешке университетіміздің «Есеп және қаржы» кафедрасының 1,2,3 курс студенттері ат салысып, балалар мен кеш қонақтарына музыкалық ән тарту арнап, би билеп, театрланған қойылым ұсынды. Кеш барысында бірінші сыныпқа қадам басқан бүлдіршіндерге қайырымды жандар оқу құралдары мен сөмке сыйға тартты.

Мерекелік шара соңында ата-аналар мен «Бәйтерек» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Айнагүл Салыққызы студенттерге алғыстарын айтып, ақ батасын берді.

Адам баласының ең асыл қасиеті – мейірімді жүрек. Күрбелең тіршілік көзі

қайнап тұрған мына дәуренде «мейірімділік» деген баға жетпес қасиетті ұмытып, рақымсыз қоғамға айналмау үшін әрбіріміз жанымыздағы жандарды мейірім шуағымен нұрландырсақ, біз алмайтын асу, біз бағындырмайтын белес болмайтыны айқын.



Хадиша ҚОЙЛАНОВА,
есеп және аудит мамандығының 3 курс студенті

Үздіктер танылған жоба

Халықаралық студенттер күніне орай қараша айының 16 жұлдызында «Ақжайық КВН лигасы» жастар қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен «Жастар» мәдениет үйінде облыстық «Жаңа Толқын – 2018» фестивалі өтті.



Фестиваль Орал қаласындағы жоғары оқу орындарының 1 курс студенттері арасында өткізілді. Бұл шараның негізгі көзделген мақсаты – университет қабырғасында білім алып жатқан студент жастарды біріктіру, талантты студенттер мен үздік ұжымды анықтау, олардың мәдени, рухани дамуына жағдай жасау, білімгерлердің шығармашылығын дамытуға мүмкіндік беру арқылы оларды тек сапалы маман ғана емес, жан-жақты қабілетті тұлға етіп қалыптастыру. Жыл сайын дәстүрлі түрде өткізілетін «Жаңа толқын – 2018» студент-жастар фестиваліне қатысушылар «Ең үздік жүргізуші», «Эстрадалық ән», «Хореография», «Аспапта орындау шебері», «Көркемсөз шебері», «Үздік дәстүрлі ән», «Жайдарман» аталымдары бойынша өнер көрсетті. Биылғы жылы өткізілген аталмыш фестивалдің ерекшелігі әр жоғарғы оқу орнының студент жастары арасында бірлікті насихаттау, топпен жұмыс істеуге дағдыландыру мақсатында жаңадан «Үздік жанкүйерлер» номинациясы, жастар арасындағы қоғамдық мәселелерді анықтау, студенттік өмірдің ерекшелігі мен қызықты сәттерін насихаттауды мақсат еткен «Үздік студенттік вайн» номинациялары қосылды. Фестиваль қорытындысы

бойынша жүлделі орын иегерлері дипломдармен, арнайы медальдармен, кубок және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Университетіміздің 44 студенті 9 номинация бойынша өнерлерін көрсетіп, «Үздік жүргізуші», «Эстрадалық ән: заманауи», «Хореография: дәстүрлі би», «Аспапта орындау шебері», «Үздік дәстүрлі ән», «Үздік жанкүйерлер» номинацияларының жеңімпаздары болды.

Өңіріміздегі төрт жоғарғы оқу орындарының 1 курс студенттері арасында оздырылған «Жаңа толқын - 2018» фестивалінің жалпыкомандалық есебі бойынша жүлделі 1 орынды М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің студенттері жеңіп алды.

Көпшіліктің құрметіне бөленген өнерпаздардың алдағы уақытта көптеген байқаудың жеңімпаздары атанып, орындаушылық шеберлігімен, талғампаздығымен үлкен-үлкен табыстарға жете берулеріне тілектеспіз. Бұл фестиваль өркениетке жол бастаған тәуелсіз еліміздің жарқын болашақта жастарының өнеріне өнер қосатын тәрбие саласындағы игі бастама. Барша жүлдеге ие болған студенттерге жасампаз еңбек, толағай табыстар тілейміз!

Бүгінгі үздік студент - ертеңгі құзіретті маман



Белсенді студенттің бейнесі - жауапкершілігі мол, мақсаты айқын, қадамы анық, табысты әрі көпжақты мүддесі бар жеке тұлға болып табылады. Оның негізгі мақсаты – өзінің болашақ кәсібін бағытталу, кәсіби білімнен және құзіреттіліктермен қарулану. Бұл суреттеу менің мақалама негіз болып отырған нағыз студент атағына сай келетін белсенді студентке тән. Оқудағы белсенділікпен ерекшеленетін, ғылыми-зерттеушілік іс-әрекетке бейім, кәсіби іскерлік пен дағдыларды игеріп, әр курсқа өткен сайын кәсіби шыңдалып келе жатқан болашақ маман Қалиманы мысал ретінде айтар едік.

Ахметова Қалима Сырымбекқызы М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің Педагогика факультетінің «Педагогика және психология» мамандығының 4-курс студенті. Ол 2015 жылы мектепті үздік аттестатқа аяқтап, мемлекеттік грант иегері атанды. Бірінші курстан бастап оқу үдерісінде өзінің білімімен, жан-жақтылығымен, өзіне сенімділігімен, сыпайы мінезімен және бойындағы адамгершілік қасиеттерімен ерекшеленді. Қалима тек білім жолында ғана емес қоғамдық өмірде де белсенді студенттердің бірі. Оның бұл қасиетін ұстаздары да, достары да жоғары бағалайды. Бұған дәлел - Қалиманың үздіксіз ғылыми зерттеу жұмысымен айналысып, жыл сайын студенттердің ғылыми конференцияларына қатысуы, Республикалық және облыстық ғылыми жобаларға қатысып лауреат атануы. 2018 жылы 28-29 наурыз аралығында Алматы қаласында өткізілген X Республикалық студенттік пәндік олимпиадаға қатысып топтық сайыс бойынша жүлделі 3-орынды иеленді. Қазіргі таңда ол педагогика және психология кафедрасындағы ғылыми үйірменің белсенді мүшесі бола отырып, өзінің ізбасарлары ретінде 1-2 курс студенттерін ғылыми-ізденушілік іс-әрекетіне баулып жүр. 2018 жылы 14 қарашада өткен «Оқу жетістіктерін сырттай бағалау» сынағында Қалима 175 балл жинап, «өте жақсыға»

тапсырып, факультет және университет бойынша ең үздік нәтижеге қол жеткізді. Бұл университетіміздің қабырғасында даярланатын «Педагогика және психология» мамандығы үшін зор жетістік, үлкен қуаныш деп білеміз. Факультет және кафедра ПОҚ болашақ педагог-психологтарды даярлауда сапалы білім беріп, құзыретті мамандарды даярлаудың тағы бір дәлелі ПП-41 тобы студенттері Аманқос Асылханым Ерболатқызы - 159 балл, Газизова Тоты Асылбековна - 158 балл, Мәулет Ақгүл Мәулетқызы - 149 балл, Рахметқалиева Нұргүл - 144 балл, Батырбаева Жанерке - 142, Саматова Бақытгүл Серікқызы - 136 балл жинап, «өте жақсыға» бағаланып, аталған сынақтан сүрінбей өткені.

Білім көкжиегіне көз тіккен Қалимаға факультет ПОҚ және ПП-41 тобы студенттер атынан бағындырар белестері, алар асулары, шығар шыңдары көп болсын дей отырып, жарқын болашақ пен алдағы күндеріне ізгілік тіледік. Қазақстан Республикасының білікті де білімді, өз ісіне шынайы берілер құзыретті маманы болғайсың!

Кез келген студенттің жетістіктері мен абыройының асқақтауына ұстаздың ықпалы ерекше деп есептейміз. Университет қабырғасына қадам басқан кезеңнен бастап студенттерді жаңа өмірге дайындап, бағыт беріп, өз тәжірибесімен бөліскен ұстаздардың орны олар үшін ерекше. Болашақ мамандарға өткен төрт жыл ішінде біліммен қатар өмірлік тәжірибені де меңгертті. Үлгі тұтатын педагогика факультетінің ұстаздарына

Самараның жүлдесі бұйырғы



Самара қаласындағы Самара мемлекеттік мәдениет институтында өткен VI халықаралық «На крыльях музыки» атты байқауда «Эстрадалық хор» номинациясы бойынша М.Өтемісов атындағы БҚМУ хоры Жетекшісі аға оқытушы Көптілеуова. К. I орынды қанжығасына байласа, ал, «Вокалдык эстрадалық ансамбль» номинациясы бойынша «Makham BAND» вокалдык ансамблі Жетекшісі магистр, аға оқытушы Қуаншалиева. Р.Ж, III орынды иеленді. Сіздерді жеңістеріңізбен құттықтай отырып, еңбектеріңізге жеміс пен толағай табыстар тілейміз! Алар асуларыңыз көп болғай!

«Білегі мықты бірді жығады, білімі мықты мыңды жығады» деп дана халқымыз айтып кеткендей, болашақ – тек қиялына қанат біткен, ойы ұшқыр, білімді жастарда екені даусыз. Халықаралық студенттер күніне орай қараша айының 10 жұлдызында Батыс Қазақстан облысы жастар саясаты мәселелері басқармасының қолдауымен «Ақжайық КВН лигасы» жастар қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен «STUDUNION» БҚО студенттік өзін-өзі басқару ұйымдары кеңесінің мүшелері арасында «Smart Students» зияткерлік байқауы өтті.

БҚМУ

көшбасшылары

кубокпен қайтты

Бұл байқаудың мақсаты - білімді, зияткер студент жастардың көшбасшылық қасиеттерін арттыру, топпен бірлесе ізденуге, жоғарғы және арнаулы оқу орындарының белсенді студенттері арасында тәжірибе алмасу, зеректілік қабілеттерін дамытып, ой-өрістерін кеңейтіп, студенттердің бәсекелестіктерін, құзіреттіліктерін, қызығушылықтарын арттырып, ұқыптылық, ұжымдыққа тәрбиелеу. Бұл сайыс 3 кезеңнен тұрды. Яғни, 1-кезең «Брейн-ринг», 2-кезең «Сіз білесіз бе?» 3-кезең «Бір қадам».

Байқауға қатысқан барлық командалар алғыс хатпен марапатталды. Осы байқаудың қорытындысы бойынша 3-орынды Жәңгір хан атындағы БҚАТУ студенттік өзін-өзі басқару ұйымы иеленді. 2-орынды Ж.Досмұхамедов атындағы педагогикалық колледжінің студенттік өзін-өзі басқару ұйымы иеленді. Жүлделі 1-орынды 3-кезеңнен сүрінбей өтіп жоғарғы ұпай жинаған М.Өтемісов атындағы БҚМУ студенттік өзін-өзі басқару ұйымы қанжығаларына байлады. 1-орын иелері жүлделі ұтыстармен, кубокпен марапатталды.

Біреу озса сайыста, біреу артта қалады, Ренжімей тараса, озбағандар жарады. Жарыс заңы ежелден-жеңімпазды анықтау, Озат болу шарты сол – еңбектену, жалықпау. Ендеше ерінбей, үнемі ізденіс үстінде жүретін алғыр студенттеріміз көп болсын.

қажырлы қайрат, мол жетістіктер, шығармашылық табыстар тілей отырып, студенттер атынан талай шәкірттің сүйікті ұстаздары болу бұйырсын дегіміз келеді.

С.Б. КАЛАХАНОВА,
педагогика және психология магистрі, топ кураторы
Назерке МҰХАНБЕТЖАНОВА,
ПП-41 топ студенті, Президент стипендиясының иегері

Сәуле... Жаратушының жазуымен миллиондаған шақырымдарды секундтарда жүріп өтіп, жұмыр жерге тіршілік нәрін сыйлайды ол. Еркіндікті сүйеді, адамзатты сүйеді. Адамзат та оған ұмтылады. Маған сол азаматтық та, арлылық та, парасаттылық та сол аппақ сәуледей көрінеді.

Қазақтың ең қымбатын «шырағым» дейтіні, «Шырағым сөнбесін!» деп тілейтіні бекер болмаса керек-ті. Сырттай қарағанға бір-ақ түс. Ал біле білсек, оның бойында қаншама ғажайып бояу бар. Көк те, қызыл да, сары да. Ұстаздық та, тәлімгерлік те, басшылық та, ең бастысы адамдық пен азаматтық та – ардың ісі. Ол да сол сәуледей бір өзіне қаншама бақыт, қуаныш, үміт, арман, ізгілік құндақтаған. Осы бір жарқырайтын сәуле қымбат таста да бар. Ол – гауһар. Гауһар тастың қыры көп болған сайын, жан-жаққа шашатын сәулесі де, жарқырайтын қасиеті де арта түседі. «Сегіз қырлы, бір сырлы» деген халқымызда әдемі тіркес бар. Бұл да кез-келген адамға айтылмайтын, телінбейтін баға. Нағыз гауһар тас жан-жағына жарқыратып сәулесін шашып, нұрын сыйласа, нағыз азамат та – айналасындағыларға жарық сәуленің шырақшысы бола білген жан.

Ақыл, білім, білік, парасат, көркем мінез иесі бола білген ардақты адамды, мен, асыл азаматқа балар едім. Осындай асылдардың сынығы, бірі емес, бірегейі – Исатаев Мейрам Исатайұлы еді. Еді... деп айтудың өзі қиындау. Қамал алатын қырқына жетпесе де, отызында от боп маздады. Шығыс ғұламасы Назым Хикметтің «Мен жанбасам лапылдап, сен жанбасаң лапылдап, біз жанбасақ лапылдап, аспан қалай ашылмақ?!» деген өлең жолдары ойға оралғанда, Мейрам Исатайұлының бейнесі еріксіз көз алдыға келеді. Ол маздап жанды, құр ұраншылдыққа салынған жоқ, ісімен дәлелдеді де.

Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің белсенді жастары дегенде, басында Мейрам Исатайұлының есімі оралатын. Өзі білім алған қара шаңырақта еңбек жолын бастап, табанды

бағалауында Ұстаз еді. Мейрам Исатайұлы туралы қаралы хабар естілген сәттен, сан мыңдаған шәкірттің қимас сөздері соны дәлелдеді, көпті жылатты да. «Ұстаз. жаратылысынан өзіне айтылғанның бәрін жете түсінген, көрген, естіген және аңғарған нәрселердің бәрін жадында жақсы сақтайтын, бұлардың ешнәрсесін ұмытпайтын... алғыр да аңғарымпаз ақыл иесі..., мейлінше шешен, өнер-білімге құштар, аса қанағатшыл жаны асқақ және арнамысын ардақтайтын, жақындарына да, жат адамдарына да әділ..., жұрттың бәріне... жақсылық пен ізгілік көрсетіп... қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін батыл, ержүрек жан» деп шығыс ғұламасы әл-Фараби айтқан екен. Шығыс данасының осы сөзін жадына сақтаған әр адам ұстаздық қасиеттің ауыр жүгін сезінуге тиіс болса, сол қасиетті сезінген жандардың бірі Мейрам Исатайұлы болды.



Отызында маздап жанған от боп, жасындай жарқ еткен жас ғұмыр

қызмет етіп, қай кезде де абырой биігінде жүретін. БҚМУ-дың студенттердің өзін-өзі басқару ұйымы үлкен бір мектеп қалыптастырды. Өңірге танылмал белсенді жастардың көбісі осы ұйымнан шыққаны көпке мәлім. Мейрам Исатайұлы да сол мектептің басында тұратын белді өкілі еді.

Кейін университеттің тәрбие бөлімінде бөлім басшысы ретінде қызмет атқарды. Исатайұлы ұйымдастыратын тәрбиелік шаралар қайнап жататын. Бел ортасында, басында өзі жүретін. Екінші анасындай көретін ұстазы, рухани жанашыры Түймеш Малбағарқызының шекпенінен шыққаны мақтан тұтатын. Ардақты ағайымыз Серікқали Шарабасовша айтсақ, «Темірдей тәртіптің Түймеші» Мейрам Исатайұлын да сол тәртіппен жүргізді. Алға тек қадам бастырды.

Өз басын Мейрам Исатайұлымен 2009 жылдан таныспын. Алғаш еңбек жолымызды бастағаннан жақсы араласып, сыйлы әріптес, дос та болдық. Екеуміз жандай құрдас жандармыз. Әріптестер арасында көп қалжыңды көтере бермейтін мен үшін сол досымның «көтеріп алайыншы» дейтін еркелете айтқан сөздері түрпідей тигенмен, еш ренжи алмайтынмын, әзіл-қалжыңымыз да жарасып жүре беретін. «Құрдас» деген бір сөзінің өзін жай айтпайтын. Осы сөздің де ар жағында риясыз шынайы пейіл мен таза көңіл тұратындай еді.

Ол менің ғана бағалауымда емес, барлық жастың

Мейрам Исатайұлымен таныстығым 10 жылға жуық уақыт болды. Осы уақыт аралығында байқағаным, оның жемісті жылдарының жеңісі мен жетістігі көп екені аңғарылады. Ол әріптестік ортада өзіндік таным, терең білім, еңбексүйгіш, жұмысқа қабілеттілік пен талапшылдық, достыққа берік, ізгілік қасиеттерімен

еш ұмытпайтын. Мейрам кіргенде кабинетімізге, жаз келгендей жадырайтынбыз. Әріптесім Мерген Қуанышұлымен бір кабинетте отыратын уақытта жиі соғып тұратын. «Бірің жан құрдас, бірің жан досым, бауырым» деп еркелетіп жүретін. Досты бауыр көретін қасиеті ел сүйсінтетін. «Адамзаттың бәрін сүй бауырым» дейтін дана Абайдың даналық сөзін берік ұстанатындай еді.

Ел ертеңі – жас ұрпаққа саналы тәрбие, сапалы білім беру – басты міндет болса, білімді, білікті, тәрбиелі жастардың қалыптасуы үшін аянбай еңбек еткен зиялы жастың бірі десем де, артық айтқандық болмас. Ол жастарды талпындыратын биікке. Бүгінгі заманда жастың да, үлкеннің де арасында байқалып қалып жататын жағымпаздық қасиеттен ада жандардың бірі бола білді. Оны осы қасиеті де ерекшеліп тұратын өзгеден.

«Нағыз адамның белгісі – кісілік» деген екен шығыс ғұламасы Жүсіп Баласағұн. Кісілік пен кішілік қасиетінің қатар жүретіні заңды. Мейрам Исатайұлы кісілік келбетін келістіріп, кішілікті де танытқан, шынайылықты асқақтатып келген жастың бірі бола білді. Ана сүті дарытқан абзал қасиеттің жемісі – айналасына ғибрат нұрын шашқан ғұмыр сыйлады. Әр сөзінен де, ісінен де тәрбиенің өнегесі көрініп-ақ тұратын. Осындайда текті ұл сыйлаған қазақтың қай анасынан да айналып қана кетейін дегің келеді.

Өнегелі отбасында дүниеге келген Мейрам Исатайұлының ағайындарымен, бауырларымен қарым-қатынасының беріктігі отбасында көрген тәрбиесінен деп айтуға болар. «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің» деген халық мақалы да осының дәлеліндей. Мейрам жолдасы Бұлбұлмен жұбайлық өмірде жарасымды жұп бола білді. «Бұлбұл менен де мықты ғой» деп әзіл-шыны аралас айтып жүретін. Төлеген мен қыз Жібектей еді. Көп адам сүйсіне қарайтын оған. Мейрам Исатайұлының жетістіктерге жетіп, қай биіктің де шыңын бағындыруда сүйікті жары Бұлбұлдың да еңбегі өлшеусіз еді. Өзі де үнемі айтып отыратын. «Балаларым – бақытым, байлығым» деп, олардың жетістіктерін де жыр ғып айтып, үнемі марқайып жүретін. Өке атын ұмыттырмай, мерейін асқақтатын артында ұрпағы барына мың шүкір.

Қазақта қарақан басынан гөрі халқының қамын жеген азаматтар қашан да болған. Сондықтан да ата-бабамыз: «Тұлпарда да тұлпар бар, Қазанаты бір бөлек,

Жігітте де жігіт бар,

Азаматы бір бөлек, - деп ондай ұлдарына ерекше сүйсініп, естерінде сақтаған. Сондай асыл жандардың бірегейі ретінде қимас досымның, сыйлы әріптесімнің азаматтық тұлғасы мен үшін әрқашан биік тұғырда тұрады. Жыл толыпты жас жүректің тоқтағанына. Отызында маздап жанған от боп, жасындай жарқылдады, жарқ етіп, жұлдызы ерте сөнсе де, жас ғұмыр темірқазықтай жарығын мәңгіге қалдырғандай...

Puma СҰЛТАНҒАЛИЕВА,

М. Өтемісов атындағы БҚМУ қауымдастырылған профессоры, филология ғылымдарының кандидаты



ерекшеленген тұлға деп асылдың сынығындай азамат жайында толықтай сыр шертуге болады.

Мейрам Исатайұлының еңбек жолындағы өсу баспалдағында декандық қызметі туралы сөз айту бөлек дүние. Жас болғанмен, бас болған басшы болу да көптің қолынан келе бермейтін. Бұл қызметті де ол биік абыроймен, үлкен парасат биігінде атқарды. Мәдениет және өнер факультетінің студенттері «ағайлап» артында жүретін, сол студенттер үшін жанын сала жұмыс жасайтын. Үлкенді-кішілі барлық әріптестеріне сыйлы бола білді. Республикалық деңгейде өнер бағытында үлкен конкурстар өткізгенде де, асқан шеберлікпен ұйымдастырушылық қабілетке ие екендігін дәлелдеп кетті.

Көп адамда бола бермейтін таланттылықтың белгісі ол көшбасшылық қасиет болса, Мейрам Исатайұлының басынан ол қасиет те табылатын. Көп алдында көсемсініп емес, айтатын жерде ойын еркін жеткізіп, орынды сөйлейтін. Оған дәлел Елбасының алдында өңір жастарының атынан сөз сөйлеген шақта, Мейрам Исатайұлының жарқын бейнесі әлі көз алдымызда. Баспасөз қызметіне жауапты болғандықтан, анық білетінім телеарналар мен басылым беттеріне сұқбат берер шақтарда, дайындықсыз сайрайтын жандардың бірі де Мейрам досым еді. Кейде қалжыңдап, «жұлдыз» боп кеттім ғой деп қоятын. Расында, қалжыңсыз жұлдыз еді!

Ол өзі жеткен жетістікпен қуана бермейтін жан. Өзгенің қуанышы үшін шын қуанатын. «Құрдас, сенің жетістіктеріңмен қашан да шын қуанам. Әр марапатыңның мәртебесі биік болсын» деп арнайы құттықтауды



ЖОЛДАУ – ЖАҢАША ДАМУДЫҢ ЖОЛЫ

Елбасының биылғы дәстүрлі «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Жолдауын Педагогика факультетінде ұжым болып тыңдадық.

Жолдауда қазақстандықтардың әл-ауқаты ең алдымен, табыстарының тұрақты өсімі мен тұрмыс сапасына байланысты екендігіне баса назар аударып, негізгі бағыттарын көрсетті.

Білім саласында қызмет атқаратындықтан Жолдауда айтылған 5 жыл ішінде білім, ғылымды дамытуға аса көңіл бөлінгендігі қатты қуантты. Мектепке дейінгі білім беру сапасын түбегейлі жақсарту керектігіне баса назар аударылды. Орта мектептерге Назарбаев зияткерлік мектептерінің оқыту жүйесі мен әдістемесін енгізуді ұсынуы құптарлық жайт, өйткені қазіргі білім беру сапасын бағалау жүйесі халықаралық стандарттарға негізделуі тиіс. Орта мектептердің өзінде балаларды мейлінше сұранысқа ие мамандықтарға бейімдеп, кәсіптік білім беруді мектеп табалдырығынан бастап жүргізуді бастау оң қадам болмақ.

Біз үшін Жолдауда айтылған үлкен мәселе, келесі жылы «Педагог мәртебесі туралы» заңды қабылдау болды. Егер бұл құжат қабылданса, мұғалімдер мен мектепке дейінгі мекеме қызметкерлерінің құқығы заң негізінде қорғалып, мұғалім мәртебесі жоғары болады дегенге сенім мол.

Сонымен қатар, жоғары білім беру ісінде оқу орындарының маман дайындау сапасына қатысты талаптар күшейтіледі. Бұл бізге үлкен жауапкершілік артады. Жоғары оқу орындарының табыстылығын бағалаудың басты критерийі – оқу бітірген студенттердің жұмыспен қамтылуы болса, бұл ретте «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» және «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандықтарын бітіруші түлектердің соңғы 2 жылдағы жұмысқа орналасу көрсеткіштері өте жоғары нәтижені көрсетіп отыр.

Елбасының жоғары оқу орындарына да Назарбаев Университетінің тәжірибесін енгізуді қажет санауы өте орынды ұсыныс болды. Аталған университет инновациялық зерттеу қызметін жүргізуге бағытталған қазіргі заманға сай, ғылыми инфрақұрылымы қалыптасқан оқу орны. Қазіргі кезде әлемдік деңгейдегі зерттеу университеттерінің елдің жоғары білім беру жүйесін дамытуда маңызы зор. Жоғары мектеп оқытушылары тек сабақ берумен ғана шектелмей, зерттеу жұмыстарымен жүйелі жұмыстану қажеттігі заман сұранысына негізделген.

Заман көшінен қалуға болмайды. Әлемде және еліміздің білім беру саласында жүргізіліп жатқан елеулі өзгерістерді түсіністікпен қабылдап, кафедра ұжымы алға ұмтылуда.

Орта білім беру мазмұнының жаңаруы – білім беру саласындағы үлкен өзгерістің бірі. Бүгінгі бала – ертеңгі маман иесі, XXI ғасыр жағдайында бәсекелестікке

қабілетті, табысты болуы үшін ол еңбек нарығында өз орнын таба алатын дәрежеге жетуі тиіс. Мектептен жаңартылған білім мазмұнымен жаңаша білім алып, түрлі әдіс-тәсілдерді меңгеріп келген оқушыны одан әрмен қарай дамыту, біздің басты міндетіміз болмақ. Ендеше өзгеруді біз өзімізден бастауымыз керек. Түрлі деңгейдегі курстар мен семинарларға қатысып, өз бетімізше білім алып, алға ұмтылуымыз керек. Осындай мақсатта кафедра оқытушылары жоспарға сәйкес, білімді жетілдіру курстарынан жыл сайын өтіп отырады. Олар: «Заманауи педагогикалық технологиялар» жоғары оқу орындарының педагогикалық мамандықтар оқытушыларының біліктілігін арттыру, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығында білім мазмұнын жаңарту шеңберінде бастауыш сынып пәндері бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру, IIDSР базалық университеттерінің тәжірибесі негізінде университеттің педагогикалық мамандықтары бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру үшін ағылшын тілін жеделдетіп оқыту курстары.

Жаңартылған білім бағдарламасы курсынан өткен оқытушылар дәріс және практикалық сабақтарында оқытудың жаңа технологияларын кеңінен қолданады. Оқу сабақтары студенттердің коммуникативтік, сыни ойлау, проблемаларды айқындау және шешу, сондай-ақ топта топтық жұмыс жасай білу дағдыларын дамытуға бағытталған. «Жаңартылған білімнің теориясы мен технологиясы» атты жаңа пәннің оқу-әдістемелік кешені дайындалды.

Сонымен қатар, «Педагогикалық инноватика» Халықаралық жобалық-оқу лабораториясында «Заманауи дидактика» тақырыбындағы біліктілікті арттыру курсы аясында университет оқытушыларына кафедраның аға оқытушылары Г.С.Абугалиева., С.Н.Ерниязова., Д.Г.Хабиева шеберлік сыныптарын өткізді. Кафедра оқытушылары ұйымдастырған «Жаңартылған бағдарлама – сапалы білім негізі» тақырыбындағы облыстық семинарға «Өрлеу» біліктілікті арттыру орталығының оқытушылары, қалалық №6, №24, №34 мектептің бастауыш сынып мұғалімдері қатысып, іс-тәжірибелерімен бөлісті.

2018-2019 оқу жылының қараша-желтоқсан айларында университет оқытушылары жалпы білім беру мектептерінен тәжірибеден өтетін оқытушылары үшін, жаңартылған білім беру бағдарламасы аясында аға оқытушылар Г.С.Абугалиева мен Д.Г.Хабиева семинар тренинг өткізді.

Алға қарай даму үшін, жас ұрпаққа нәтижеге бағытталған білім беру жолында кафедра ұжымы ұйымшылдықпен бірлесе жұмыс жасап, үлкен істер атқаруда. Ендеше, Жолдау – жаңаша дамуға бастайтын, бізге бағыт беретін жол болмақ.

Д.Г. ХАБИЕВА,
Мектепке дейінгі және бастауышта
білім беру кафедрасының меңгерушісі м.а.

Бүгінгі заман техника мен бәсекенің дамыған уақыты. Яғни сен белгілі бір бағытта техниканы игере білуің керек. Себебі бірнеше жылдан кейін айналадағының барлығы автоматтандырылып, цифрлық технологияға айналды. Оны игеру үшін адамзат қазірден бастап экономикадан сауатты болуы тиіс. Ал, біздің халық экономиканы тек экономисттер білу керек деген ойдан арылуы қажет. Осы бағытты қарқынды дамытатын болсақ, біздің әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарынан табылатынымыз анық.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласындағы алты басымдықтың бірі, яғни бәсекеге қабілеттілікті негізге ала отырып «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасын ұсынған болатын. Осы жоба аясында қолымыз жетпей жүрген, дәлірек айтқанда ағылшын тіліндегі кітаптар қолжетімді түрде қазақ тіліне аударылып бізге жетті. Қазіргі таңда 100 оқулықтың 18-і қазақ тіліне түпнұсқадан аударылып, еліміздің барлық кітапханаларынан орын табуда.

Аударылған белгілі кітаптардың қатарындағы дүниежүзілік Давос экономикалық форумының президенті Клаус Швабтың «Төртінші индустриялық революция» атты туындысы қазіргі технологиялардың адамзат өміріне алып келетін түбегейлі өзгерістері туралы баяндайтын осы күнгі әлемдік бестселердің бірі. Бұл кітапта ең алдымен, технология мен қоғамның қатар өмір сүру тәсіліне аса мән беріледі. Басты бағыттары жасанды интеллект, роботтандыру, автономды көліктер, ақылды қалалар, smart интернет, желіге қосылған үй, үшөлшемді 3D басып шығару, нанотехнология мен биотехнологияның және түрлі ғажайыптардың пайда болып дамуымен сипатталады. Бір қызығы кітапта әр бағыттың қоғамға алып келетін оң және теріс ықпалдары да жазылған. Осы жоба аясында тарих, экономика және құқық факультетінің «экономика және менеджмент» кафедрасының аға оқытушысы А.Б.Егзадиеваның ұйымдастыруымен, 3-4 курстардың қатысуымен осы Клаус Швабтың «Төртінші индустриялық революция» атты ғажайып оқулығының таныстырылуы өткен болатын.

Демек, бұл кітап адамзаттың ортақ болашағы үшін алаңдайтын және революциялық технологияларды қоғам тіршілігіне икемдеуге ниетті жасампаз ортаға арналған.

Алина ҚИБАТОЛЛАЕВА,
Тарих, экономика және құқық факультеті
Менеджмент мамандығының 3-курс студенті

Төртінші индустриялық революция біздің іс-әрекетімізді ғана емес, бүкіл болмысымызды өзгертеді



Елбасы жолдауы - біз үшін жаңа белес

Қазақстан Республикасының президенті – Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың 2018 жылғы 5-қазандағы Қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған Жолдаудың маңыздылығы өте жоғары.

Сол тақырып аясында факультетімізде биология мамандығы Б-11 топ студенттері және топ кураторы б.ғ.к., доцент Гүлнар Әділгерейқызымен шағын тәрбие сағатын өткіздік. Б-11 топ студенті Рахметуллин Абылай Елбасы Жолдауын егжей-тегжейлі баяндап шықты. Жолдауда Президент қолдан келетін мүмкіндіктер туралы мәселелер көтерілгенін баяндады. Президентіміз экономиканы дамыту үшін табиғи ресурстарды басқару жолдарын қайта қарау маңызды екенін атап өткендігін нақты ұғындық. Биылғы Жолдауда айтылған 10 негізгі тапсырма Қазақстанның қысқа мерзім ішінде дамуын анықтап бермек. Солардың ішіндегі ең жаңашылдығы – мұғалімнің мәртебесін көтеру туралы Елбасының айтқан сөзі болашақ педагог ретінде біздің көңілімізден шығып, үлкен қуанышқа бөледі. Өйткені, мұғалімнің мәртебесін көтеру – елдің мәртебесін көтеру деп есептеймін. Сонымен қоса, Елбасымыз өз жолдауында, 2019 жылды «Жастар» жылы деп жариялауды ұсынғандығы туралы тәрбие сағатында қуанышпен әр студент өз ойымызды ортаға салып, пікір алмастық. Өткізілген шараның арқасында Елбасымыздың биылғы Жолдауын өте жақсы ұғынып, өзімізге мотивация алдық десек те болады.

Жолдаудағы аталған осынау міндеттерді орындау үшін бүкіл қоғамның бірлігі мен ынтымағы керек. Сол себепті Гүлнар Әділгерейқызы айтқандай, біз дәл осы жерден бір топ болып, ұйымшыл болып, бір-бірімізге білім алу жолында қолдау танытсақ, осы жолдаудағы

міндеттердің орындалуына үлес қосқан болар едік. Осыны әрбір студент терең түсінуі керектігі жайлы тәрбие сағатында біраз әңгімелестік.

Тәрбие сағаты барысында Елбасының Қазақстан халқына Жолдауы жайлы кураторымыз да өз ой пікірін білдіріп, айтып берді.

Жиын соңында студенттер ретінде болашаққа барар жолды бағамдайтын бүгінгі Жолдау әрбір

адамның, студент жастардың ертеңгі күніне үлкен сенім ұялататынын саналы түрде түсінгендерімізді жеткіздік.

Елбасы жүктеген әрбір міндет жастар тарапынан тиянақты орындалып жатса, уақыт келе Жолдаудың шынайылығына, мақсат-міндеттердің орындалатынына еш шүбәм жоқ.

Айшат РАШИДОВА,
Жаратылыстану-география факультетінің 1-курс студенті





«БАЛАЛАР ӘЛЕМІ»

біліктілікті арттыру курсы - заманауи бірегей жоба

Биылғы жылдың қазан және қараша айында университеттің 30 оқытушысы, яғни курсқа қатысушылардың алғашқы екі легі қаламыздың келесі мектептерінде педагогикалық тәжірибеден өтті: С.Сейфуллин ат. № 11 облыстық мектеп-интернат кешені, № 1, 3, 9, 16, 21, 23, 30, 38, 43, 48 жалпы орта білім беретін мектептер, № 8 мектеп-лицей, №34, 42, 44 мектеп-гимназиялар.

Тәжірибе барысында оқытушылар 1 ай көлемінде мектепте бекітілген менторларымен бірігіп, өнімді жұмыс жасады, тиімді тәжірибе алмасты. Курс барысында жағартылған бағдарламалармен білім алатын сыныптарда жүргізілетін пәндердің негізгі құжаттарымен танысты, олардың ішінде: оқу бағдарламасы, оқу жоспары, критериалды бағалауға арналған басшылық. Сабақты жоспарлау кезінде осы құжаттарды қолдануы және қай құжаттан нені басшылыққа алатынын анықтай алуды тәжірибеде бақылай отырып үйренді. Бағдарламаның тағы бір артықшылығы болып табылатын әр пәннің ерекшелігінің ескерілуі де педагогикалық тәжірибеде есепке алынды. Сол себепті бағдарламаның оқу-әдістемелік кешенінде өз пәнін сыныпта оқытуда қолданылатын педагогикалық тәсілдер, белсенді оқу, тілдесу арқылы қарым-қатынас жасау дағдылары, мұғалім жетекшілігімен жүретін оқылым және жазылым, ойлау дағдыларын қалыптастыру, оқытудың маңыздылығы, оқушыларды уәждеу, зерттеуге негізделген оқу, белсенді оқудағы мұғалімнің рөлі, тиімді кері байланыс ұсыну, критериалды бағалау және жоспарлауға дейін негізгі мәселелерді мұғаліммен талдай отырып қарастырды. Бағдарламаның спиральді қағидатпен берілуін бақылады.

Осыған орай, біліктілікті арттыру курсы шеңберіндегі педагогикалық тәжірибе университеттегі теориялық оқыту мен мектептегі жаңартылған білім беру тәжірибесі арасындағы байланыстырушы буын болып табылып, өте құнды педагогикалық іс-әрекет дағдыларымен қаруландыруға бағытталған. Тәжірибеде байқаған жаңартылған білім берудің ерекшеліктерін ескере отырып, оқытушылар оқу пәндері бойынша білім бағдарламаларына өзгерістер енгізуде. Осылайша, жаңартылған білім беру жағдайына студенттерді университет қабырғасынан даярлау жүзеге асырылады. Мақсаты - студенттерге болашақ кәсіби іс-әрекетінде жаңартылған білім беру ортасын құра отырып сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану, коммуникативті қарым-қатынасқа

түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу, функционалды сауаттылықты, шығармашылықты қолдана білуге үйрету және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдерді меңгерту.

Курстан өткен оқытушылардың пікірінше, бір ай бойы мектептегі балалардың арасында болу кәсіби құндылықтарды қайта қарауға, кәсіби білімді жетілдіруге, кәсіби қызметті өзгертуге бірегей мүмкіндіктер берді. XXI ғасырдағы балалар әлемінде сыни ойлау, командада жұмыс жасау, креативтілік пен коммуникативтік дағдылары өзара оқыту мен өзара бағалаудан, критерий негізінде өзін-өзі бағалаудан, жоғары деңгейлі сұрақтар қоя білу әрекеттерінен көрініс тапқандығын оқытушылар баса айтады. Курсты аяқтаған оқытушылар рефлексия кезеңінде алған тәжірибесін қорытып, келесі түйіндер жасады: «Өзгеруіміз керек», «Lesson Study үрдісіне қатысып, зерттеуші, эксперт рөлдерін меңгердім», «Балаларды жаңа қырынан танып, олардың дәстүрлі жүйеде білім алатын оқушылардан ерекшелігін байқадым» және т.б.

Курс барысында оқытушылар, мектеп әкімшілігі мен пән мұғалімдерінен келесідей ұсыныстар жасалды:

- мектептегі тәжірибеден бұрын арнайы теориялық семинарлар өткізу, оған «Өрлеу» БАҒО» АҚ және ДББҰ НЗМ ПШО тренерлерін қатыстыру;

- курс бағдарламасына мектептегі пән мұғалімдеріне оқытушылар тарапынан әдістемелік көмек көрсету, өзара тәжірибе алмасуды енгізу.

Барлық ұсыныстар ескеріліп шешімін табуда, ал басым озық жақтары әр тәжірибе легімен дәлелденуде және іске асуда. «Балалар әлемі» біліктілікті арттыру курсы ағымдағы оқу жылы бойы жалғасады, жоспарға сәйкес 100-ден астам оқытушылар мамыр айына дейін мектептерге тәжірибеге барады.

Аталған біліктілікті арттыру курсы Республикамызда ЖОО арасында жаңартылған білім беру аясында мектеппен тығыз байланыс орнату бағытында жасалған алғаш тәжірибе. Алдағы уақытта жобаны әрі қарай өңдеп жетілдіру, сапалы нәтижеге қол жеткізу және озық үлгілерін өзге университеттерге тарату жоспарлануда.

Ш.Т.ГАБДРАХМАНОВА,
п.ғ.к., Педагогикалық Инноватика Халықаралық лаборатория жетекшісі
С.Б.КАЛАХАНОВА,
педагогика және психология магистрі,
курс координаторы

Проблема выбора профессии является одной из самых главных в жизни каждого человека. Быстрый темп социально-экономического развития страны и мира актуализирует вопрос ранней психологической диагностики профессиональных склонностей обучающихся.

В Послании Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева народу Казахстана от 5 октября 2018 года «Рост благосостояния казахстанцев: повышение доходов и качества жизни» отмечается, что «уже в средней школе важно проводить профессиональную диагностику и ориентацию детей на наиболее востребованные специальности. Это позволит выстроить индивидуальную траекторию обучения и сократить учебную нагрузку на ученика и учителя».

Ранняя профессиональная психологическая диагностика учащихся средней школы

От обоснованного выбора профессии, конструктивного поведения на рынке труда зависит успешность профессионального пути, а в конечном итоге - удовлетворенность человека своей жизнью, что является немаловажным показателем социального самочувствия населения страны.

Сегодня в Республике Казахстане нет единой системы ранней профессиональной психодиагностики, она носит фрагментарный, эпизодический характер. Качественная программа ранней профессиональной психодиагностики позволит сократить количество неадекватно выбравших профессию выпускников, издержки на подготовку специалистов, которые не будут работать по профессии.

Ранняя профессиональная психологическая диагностика рассчитана на детей подросткового и старшего школьного возраста (7-10 классы). Она позволяет подросткам и их родителям раньше узнать о профессиональных склонностях, изначально направить свой интеллектуальный, личностный потенциал на развитие необходимых знаний и качеств личности. Ранняя профессиональная психологическая диагностика поможет школьным психологам, классным руководителям,

учителям-предметникам ориентировать процесс обучения и воспитания на индивидуальные запросы подростков в процессе подготовки к будущей профессии, а это параллельно позволяет сохранить психологическое здоровье детей, подчеркнуть педагогическую состоятельность коллектива образовательного учреждения.

Ранняя профессиональная психологическая диагностика как предмет научного исследования позволит:

1. Научно обосновать и разработать комплекс (например, компьютерная батарея) психологических тестов по диагностике задатков и склонностей к будущей профессиональной деятельности у учащихся средней школы;

2. Разработать программы онлайн тестирования учащихся средних классов на сайтах, выдающих готовые рекомендации учащимся к выбору будущей специальности;

3. Предложенные тестовые методики могут быть включены в модель профориентационной работы, включающую профдиагностическую работу и профконсультации учащихся старших классов;

4. Ранняя профессиональная психологическая диагностика будет способствовать:

- проектированию подростками своих жизненных и

профессиональных планов, идеалов будущей профессии и возможных моделей достижения высокой квалификации в ней;

- сформировать установки на эффективный труд и успешную трудовую карьеру;

- повысить профессиональный уровень, творческое мастерство педагогического коллектива в организации профориентационной работы;

- наладить деловые связи с лицами и организациями, заинтересованными в профессиональной подготовке подрастающего поколения.

Для проведения процедуры ранней профдиагностики рекомендуется использование таких диагностических методик как:

- опросник «Карта интересов», разработчики А.Е.Голомшток, Е.А.Климов, О.П.Мешковская, в модификации О.Г.Филимоновой;

- методика «Дифференциально-диагностический опросник» (ДДО) Е.А. Климова;

- методика «Свойства личности» Дж. Барретта;

- методика диагностики ценностных ориентаций в карьере «Якоря карьеры», разработчик Э. Шейн, перевод и адаптация В.А. Чикер, В.Э. Винокурова [6-9].

Принципиальное отличие идей ранней профессиональной психологической диагностики от существующих аналогов заключается в том, что до настоящего момента психологическая диагностика профессиональных склонностей и задатков проводилась начиная с 8 классов, соответственно все имеющиеся тесты, опросники, методики рассчитаны именно на возраст старше 14 лет. Предлагается модифицировать и доработать проверенные, надежные, валидные и точные методики по профдиагностике для возраста 11-13 лет.

Результаты исследования по ранней профессиональной психологической диагностике могут быть использованы для разработки лекционных, семинарских занятий, самостоятельных заданий. Возможность разработки и размещения на сайте онлайн комплекса психологических тестов по диагностике задатков и склонностей к будущей профессиональной деятельности у учащихся средней школы имеет неограниченные возможности для дальнейшей доработки.

А.С. ИРГАЛИЕВ,
к.п.н., доцент кафедры педагогики и психологии



Баубек Бұлжышев атындағы жас журналистер клубының жаршысы

2016 жылы қаңтардың 30-ынан бастап шығады - Издаётся с 30 января 2016 года

Газет - халықтың көзі, құлағы һәм тілі.
А. Байтұрсынұлы

Журналист

(Journalist)

№2 (21), қараша, 2018 жыл

Әріптес туралы

Еңбегің жана бергей, талантты іншегім!

Қарға тамырлы қазақта ініден қымбат еш нәрсе жоқ. Іні болу-оңай әрі қиын. Оңайы – алда сүйенер иығы, жетелер жолы бар, қиыны – саған күллі жұрт үмітпен қараған екен, тілегін артқан екен, - ал не бітірдің?! Біздің ініміз, тұтас университет інісі – Абат Сатыбайұлы Қыдыршаев үміт үдесінен шыға білген тұлға.

Абат – өмір есігін еңбекпен ашқан жан. Байқағанымыз – қандай ауыр іс болмасын әркез соның бір ұшы Абат иығында. Бір ғажабы, қаршадай ұл қай кезде де қай қиындыққа да мойығанын көрсеткен емес. Ал жас ғалымның қанаттануына жоғары оқу орнындағы ұстаздарының бергені ұшантеңіз. Абат әлі күнге дейін Ғабдырахым Әбухановтың морфологиясын, Шәнді Жұмағазықызының диктантын, Қалимолла Жұмағалиұлының методикасын жыр қылып айтып отырады...

Жұлдызды шәкіртке жұмыс үсті-үстіне берілді. Студент Абат ұстаздарымен иық қағыстыра жүре білді. Білімін қомдап, тәжірибе жинақтады. Абат тобының

рухани өсуінде ұстасқанмен ұстасып, тістескенмен тістесе кететін куратор-ұстаз Меруерт Жолдықайырқызының рөлі өте жоғары.

Абат Сатыбайұлы институтқа қалу мүмкіндігі болғанымен, мектепке асықты. Класы бір жылда мектеп алдына шықты. Тұңғыш рет тест дегенді қолданды. Жұрт тіксінді, дос қуанды, дұшпан тісін қайрай бастады.

Абат Қыдыршаев туған институтына 1990 жылы келді. Ғылыми жұмыста анда-санда бір мақала беріп мүлгіп жүретін оқытушылар ортасына динамит тастағандай болды. Студенттер қатары қайта тіріліп, түрленді. Оған дос та, дұшпан да сұқтана қарады. Ал Абаттың оққағары – еңбегі. Еңбегі жана бергей, таланты іншегім, өйткені сенің табысың – жеке адам табысы емес, кафедра, деканат, университет табысы. Жасыңыз өрлік пен биіктік жасы болсын!

Серікқали ШАРАБАСОВ,
ұстазы, ф.ғ.к., доцент
15.11.2013 ж.

Юбиляр

Высокий профессионализм

При первой встрече с нашим героем невольно напрашивалось сравнение с горой, глыбой: высокого роста, статный, крепкого сложения, со стремительной, уверенной походкой и голосом степного трибуна... Насчёт читать лекции или просто о чём-то беседовать-заслушаешься! *Учёный, педагог-мыслитель, доктор педагогических наук, профессор, академик Академии педагогических наук Казахстана Абат Сатыбаевич Кыдыршаев известен в научных и педагогических кругах Приуралья и Казахстана как крупный исследователь, занимающийся изучением вопросов языкознания, риторики, лингводидактики.* Сегодня он – декан факультета культуры и искусств ЗКГУ им. М.Утемисова. Всегда сдержанный и рассудительный, он никогда не ругал учеников, умел убедить любого лентяя изменить своё отношение к учёбе, обладал даром красиво и образно говорить.

Высокий профессионализм и организаторские качества Абата Сатыбаевича ярко проявились и на

поприще декана факультета культуры и искусств. Здесь создана отличная атмосфера для занятий, постоянно совершенствуется методика преподавания, развиваются контакты с другими вузами. И все эти успехи, надо думать, не предел. Возможно, преподаватели факультета проявят себя и в журналистике. Как их декан. Он член Союза журналистов Казахстана. Тесно сотрудничает с печатными изданиями Казахстана с 1995 года, имеет более 500 публикаций. Регулярно печатается в научном журнале «Вестник ЗКГУ», ведёт рубрики в университетской газете, привлекая к такой работе студентов. Жизненное кредо учёного Абата Кыдыршаева можно определить словами казахской народной поговорки: «Искусство – живой ручей, наука – яркий светильник». Абат Сатыбаевич всегда следовал этой истине-тому, что многом делает человека человеком.

Александр СУЕТИН,
журналист
10.05.2018 г.

Арда

ҚҰЛАГЕР

Ұстазым Абат ағайға

Көншімін қалай көңіл тасытпай,
Таңдайдан төкпей тәтті жыр?!
Тұлға ғой ағай Темірқазықтай
Кешетін қазанат-ғұмыр.

Қазақы қайрат қайнап қанында,
Асуға қанша өрлеген.
Жүйрік ол жарқын білім жолында
Тұяғы тайқып көрмеген.

Табанды ісіне, үзбес төзімін
Қасиет бойда көп терсек.
Туған жеріне бүгінде есімін
Төс ұрып айтар төл перзент.

Сырына келер терең үңілгім,
Болмысы бөлек, ойлы адам.
Ол - үлкен ғалым шексіз ғылымның
Қазанында шын қайнаған.

Әке - ол әулет жүгін арқалап,
Балаға берер бар жанын.
Көсілер шешен озық ортада
Теретін сөздің маржанын.

Ол - ұстаз және ұстамы мықты,
Шырағы қылар шындықты.
Сан шәкіртіне күш дарытыпты
Шетінен сынбас кіл мықты.



Тұлғасы ұстазымның елден ерек

Алашқа естілетін салмақты үні,
Атырау туған өлке саңлақты ірі.
Алдынан тәлім алған түлектері,
Аспандап кетеді, рас, самғап түбі.
Абырой биігінен түскен емес,
Абаттай нар алаштың ардақты ұлы!

Бағытын, дара жолын анықтаған,
Бойына жаман қылық дарытпаған.
Басынан бақайына дейін, тіпті,
Біліммен қаруланып, сауыттаған.
Бағалы сөз айтуға келген кезде,
Баяғы шешендердей шабытты адам!

Аянбай шәкіртке үлгі көрсетем деп,
Адам боп, кемеріне толса екен деп.
Азаннан еңбектеніп шапқылайды,
Артымнан ұрпақ өсіп, өнсе екен деп.
Армандап жүреміз біз әрбір қазақ,
Азамат өзіңіздей болса екен деп.

Танытар даралығын тірегіміз,
Таудай боп көрінетін ірі едіңіз.
Тұлғасы ұстазымның елден ерек,
Тәлімін алғандардың ілегі - біз.
Тарлан ұл аман-есен жүзге жетсін,
Тап осы қабыл болсын тілегіміз.

Жансая МУСИНА,
айтыскер ақын, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері
13.11.2018 ж.

Дархан даладай дара мінезі,
Жайқалтқан жолдас желегің.
Арда ағайымыз - асылдың өзі,
Көзінде жанған көненің.

Көкейде биік басқа арман бар ма
Жолында болсам мұрагер?!
Шаба беріңіз шаршы алаңдарда
Шаң тигізбейтін құлагер!

Еркеназ ҚАЛИЖАН,
Фил-31-топ
(«Филология: қазақ тілі» мамандығы)

«Журналист» («Journalist») жаршысының жауапты редакторы - **Бақытбаева Гүлбибі**, Фил-13-топ студенті, тілшілері - **Еркеназ Қалижан**, Фил-31-топ, **Жанар Қабдырахимова**, фил-21-топ студенті («Филология: қазақ тілі» мамандығы).

Елімден Жайыққа

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы аясында Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-дің студент жастарынан арнайы жасақталған топ «Менің Елім» атты тарихи-өлкетанымдық жобасы бойынша М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетіне келді.

Жобаның мақсаты – университеттегі білім алушылар арасында еліміздің көрікті жерлері мен тарихи мұрасын дәріптей отырып, патриоттық тәрбие беруді нығайту; білім алушыларды отансүйгіштікке, өлкетануға, тарихи мұраны дәріптеуге баулу; студенттердің рухани-адамгершілік қасиеттерін дамыту; студент жастар арасындағы

белсенділікті арттыру құрылғысын жасақтау; университеттің ел және елорда дамуына қосар үлесін арттыру және т.б. Елордалық студент жастар «Рухани жаңғыру» облыстық мұражайы мен тарихи-өлкетану мұражайымен танысып, Махамбет университетінде болды. Ақ Жайық өңіріндегі білімнің қара шаңырағы Махамбет университетіне елін, жерін

сүйетін, елжанды, отаншыл, ұлтжанды жастардың келіп, Ақ Жайық өңірінің терең тарихымен, өлке мұраларымен танысып, өңірдің белсенді жастарымен кездесіп, ой бөлісіп, тәжірибе алмасуы барлық жастарға үлгі боларлық бастама деп білеміз.

Рима СҰЛТАҒАЛИЕВА,
М.Өтемісов атындағы БҚМУ қауымдастырылған профессоры, филология ғылымдарының кандидаты

ЖАСТАР МӘСЕЛЕСІ

БҚО жастар саясаты мәселелері басқармасы және «Интеграл» жастар қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен М.Өтемісов атындағы БҚМУ-да «Өрле, Қазақстан!» атты кездесу шарасы өтті.

Кездесуде Қазақстанның тұрғын үй кеңесші мамандары Қарекенова Ақтолқын Шамаровна мен Кинжалиева Алия Муратовна, қалалық жастармен жұмыс жөніндегі ресурстық орталықтың теолог маманы Наурызов Асылбек Жанболатұлы және облыстық жастармен жұмыс жөніндегі ресурстық орталықтың кеңесшісі Қабашев Аман Бауржанұлы қатысып, студенттермен сөйлесіп, өз салалары туралы ақпарат берді. Жастарға дін туралы, дұрыс және бұрыс діни ағымдар, олардың айырмашылықтары, депозит, оның мүмкіндіктері мен артықшылықтары таныстырылды. Сонымен бірге, жастармен жұмыс жөніндегі ресурстық орталықта жастар арасындағы жұмыссыздық сияқты мәселелерде 14-29 жас арасындағы тұлғаларға қолдау көрсететінін баяндады.

Диана ЖҰБАЙ,
филология факультетінің 1-курс студенті



Интеллектуальная игра

«ЛИДЕР БУХГАЛТЕРСКОГО УЧЕТА»

На факультете истории, экономики и права прошла интеллектуальная игра «Лидер бухгалтерского учета», посвященная Дню бухгалтера, организованная преподавателями кафедры учета и финансов Тулеповым Адилем Ербулатовичем и Тогжановой Алиной Кадыровной.



В игре участвовали команды 3 курса кафедры учета и финансов университета, а также команды студентов Уральского гуманитарного колледжа и Уральского колледжа нефти, газа и отраслевых технологий. Интеллектуальная игра проходила в несколько туров: приветствие команд, викторины, решение задач, заполнение бухгалтерских документов и полиглот. По итогам интеллектуальной игры I место заняла команда специальности учета и аудита ЗКГУ имени М.Утемисова, II место заняла команда Уральского колледжа нефти, газа и отраслевых технологий, III место заняла команда Уральского гуманитарного колледжа. В завершении игры заведующая кафедрой учета и финансов, к.э.н., доцент Исакова Балым Габбасовна поздравила всех участников с профессиональным праздником и пожелала всем удачи и дальнейших успехов.

Такие игры помогают выявить качество и уровень овладения знаниями и умениями, полученными при изучении бухгалтерского учета, обобщить материал как систему знаний. Помогает в формировании у будущих специалистов теоретических знаний и практических навыков по организации бухгалтерского учета, развивать креативность мышления, формировать умение выделять главное и второстепенное, устанавливать контакт. Также повышает интерес к изучаемому предмету, побуждает к поиску новых дополнительных знаний, развивает уверенность в себе, формирует уважение к мнению своих коллег, воспитывает чувство здорового соперничества и взаимопонимания в процессе игры.

Кафедра учета и финансов

ҚОЛЖАЗБАЛАР АВТОРЛАРЫНА КЕРІ ҚАЙТАРЫЛМАЙДЫ. ДЕРЕКТЕРДІҢ ДӘЛДІГІ ҮШІН АВТОР ЖАУАПТЫ. ЖАРИЯЛАНЫМ АВТОРЛАРЫНЫҢ ПІКІРЛЕРІ РЕДАКЦИЯ КӨЗҚАРАСЫН БІЛДІРМЕЙДІ.

МЕНШІК ИЕСІ:

Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті.

Газет айына бір рет шығады.

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 14.06.1995ж. тіркеліп, тіркеу туралы нөмірі №11390-Г куәлігі берілген.

ҚР Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің келісімімен мерзімді баспасөз басылымдарын және (немесе) ақпарат агенттіктерін 10.12.2012ж. қайта есепке алу туралы №13213-Г куәлігі берілген.

Таралымы 800.

РЕДАКТОР:

и.о. Айзада ДЮСЕНОВА

ТІЛШІЛЕР: Сая ДҮЙСЕНБАЙ,
Алтынгүл ДӘУЛЕТБАЕВА,
Айша КЕМЕШОВА

Корректор: Айзада ДЮСЕНОВА

БЕТ ҚУРУШЫ & ДИЗАЙН:

Асель АБДУЛЛИНА

ФОТОСУРЕТ:

Рафхат ХАЛЕЛОВ, Оқу теледидары және графикалық жобалау зертханасы

Газет Редакциялық баспа орталығында теріліп, беттелді. «Полиграфсервис» ЖШС баспаханасында басылды. Мекен жайы: Орал қаласы, Л.Толстой көшесі, 27/3. Тел.:50-41-46